

Тауардың сыныптамасы туралы алдын ала шешімнің нысанын, оны толтыру және осындай алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 58 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 23-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауардың сыныптамасы туралы алдын ала шешімнің нысаны;

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауар сыныптамасы туралы алдын ала шешімнің нысанын толтыру және осындай алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібі бекітілсін.

2. Мыналардың:

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы "Кеден құжаттарының нысандары туралы" № 260 шешімінің 2-тармағының;

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 260 шешіміне енгізілген өзгерістердің 3, 14 және 15-тармақтарының (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 11 шілдедегі "Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 260 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 84 шешіміне қосымша) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күшінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Сарқиян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 58 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауар сыныптамасы туралы алдын ала шешімнің
НЫСАНЫ**

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауар сыныптамасы туралы

АЛДЫН АЛА ШЕШІМ

1. Алдын ала шешімнің тіркеу нөмірі

2. Алдын ала шешімді қабылдаған кеден органының атауы	3. Алдын ала шешімнің қолданылу мерзімі аяқталатын күн
4. Өтініш беруші	5. Тауардың атауы
6. ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды	
7. Тауардың сипаттамасы	
8. Алдын ала шешім қабылдау негіздемесі	
9. Қызметтік белгілер үшін	
9.1.	
9.2.	
9.3.	
10. Кеден органы лауазымды адамының қолы, кеден органының мөрі	

(лауазымы) (қолы) (аты-жөні, тегі)	

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 58 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауар сыныптамасы туралы алдын ала шешімнің нысанын толтыру және осындай алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 58 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауар сыныптамасы туралы алдын ала шешімнің (бұдан әрі – алдын ала шешім) нысанын қағаз жеткізгіштегі құжат түрінде толтыру қағидаларын және осы алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу қағидаларын айқындайды.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 8-бабының 3-тармағына сәйкес электрондық құжат түріндегі алдын ала шешімнің құрылымы мен форматы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) заңнамасына сәйкес, егер электрондық құжат түрінде алдын ала шешім қабылдау мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделсе, белгіленеді.

3. Алдын ала шешімнің нысанын толтыру кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштар, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын және қолданылуға жататын, кедендік мақсаттар үшін пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштар қолданылады.

4. Алдын ала шешім, оған қосымша парақты қоса алғанда, А4 (210 x 297 мм) форматында қағаз парақта баспа түрінде 2 данада жасалады, олардың біреуі – мүше мемлекеттің алдын ала шешім қабылдаған кеден органына (бұдан әрі – кеден органы), ал екіншісі алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш берген адамға (бұдан әрі – өтініш беруші) арналған.

5. Алдын ала шешімнің нысаны баспа құрылғылары пайдаланыла отырып (10-бағанды қоспағанда) толтырылады және онда өшірулер, шимайлар мен түзетулер болмауға тиіс.

6. Алдын ала шешімнің нысаны орыс тілінде немесе кеден органы алдын ала шешім қабылдайтын мүше мемлекеттің тілінде толтырылады.

Егер алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішке қоса берілген құжаттарда шетелдік тұлғалардың, тауарлардың және т.б. атауларын латын әліпбиінің әріптерін пайдалана отырып жазу кездесетін болса, мұндай мәліметтер алдын ала шешім нысанында латын әліпбиіндегі әріптермен көрсетіледі.

7. Егер алдын ала шешімнің нысанын толтырған кезде бағандарда мәліметтерді көрсететін орындар жеткіліксіз болса, мұндай мәліметтер осындай алдын ала шешімге қосымша салынатын А4 форматында көрсетіледі, олар осындай алдын ала шешімнің ажырамас бөлігі (бұдан әрі – толықтыру) болып табылады. Бұл ретте алдын ала шешім нысанының тиісті бағанында "Толықтыруды қараңыз" деген жазба жасалады. Толықтырудың бүкіл парағы нөмірленуге тиіс.

Толықтырудың әрбір парағында мыналар көрсетіледі:

жоғары оң жақ бұрышта – " _____ № ____ алдын ала шешімге толықтыру ____ парақта";

алдын ала шешім нысандары бағандарының нөмірі және алдын ала шешім нысандары бағандарында орындар жеткіліксіз болған мәліметтер.

Кеден органы алдын ала шешімде көрсетілген тауарды сәйкестендіру мақсатында, қажет болған жағдайда, толықтыру парағында тауар туралы қосымша ақпаратты орналастыра алады (мысалы, тауардың сызбасы, схемасы, фотосуреттік бейнесі).

Толықтырудың әрбір парағы төменгі оң жақ бұрышта алдын ала шешім қабылдаған, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 82-бабының 2-тармағына сәйкес осыған уәкілеттік берілген кеден органы басшысының (басшының орынбасарының) немесе өзге де лауазымды адамының (бұдан әрі – кеден органының уәкілетті адамы) қолымен, сондай-ақ егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, осы кеден органы мөрінің бедерімен расталады.

II. Алдын ала шешімнің нысанын толтыру

8. "Алдын ала шешімнің тіркеу нөмірі" деген 1-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда алдын ала шешімнің тіркеу нөмірі көрсетіліп, ол мынадай схема бойынша қалыптастырылады:

XX / XXXXXXXXXX / XXXXXX / XXXX / XX ,
1 2 3 4 5

мұнда:

1-элемент – кеден органы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес алдын ала шешімді қабылдайтын мүше мемлекеттің коды;

2-элемент – мүше мемлекетте қолданылатын кеден органдары сыныптауышына сәйкес алдын ала шешім қабылдаған кеден органының коды;

3-элемент – ККААЖЖ форматындағы алдын ала шешімнің қабылданған күні (күн, ай, соңғы 2 цифр күнтізбелік жыл);

4-элемент – осындай алдын ала шешімді қабылдаған кеден органы алған алдын ала шешімнің реттік нөмірі (реттік нөмірлеудің күнтізбелік бір жыл ішінде 0001-ден басталатыны ескеріле отырып);

5-элемент – "01" нөмірі.

9. "Алдын ала шешім қабылдаған кеден органының атауы" деген 2-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда алдын ала шешім қабылдаған кеден органының толық атауы көрсетіледі.

10. "Алдын ала шешімнің қолданылу мерзімі аяқталған күн" деген 3-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда алдын ала шешімнің қолданылу мерзімі аяқталған күн кк.аа.жжжж (күн, ай, күнтізбелік жыл) форматында толтырылады.

11. "Өтініш беруші" деген 4-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда өтініш беруші туралы мәліметтер көрсетіледі:

мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға және заңды тұлға болып табылмайтын ұйым үшін – толық атауы, салықтық нөмірі және мекенжайы (орналасқан жері);

мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін (бұдан әрі – дара кәсіпкер) – тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), салықтық нөмірі және мекенжайы (тұрғылықты жері);

мүше мемлекетте тұрақты тұрғылықты жері бар, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), салықтық нөмірі (Армения Республикасы мен Беларусь Республикасынан басқа) және мекенжайы (тұрғылықты жері);

шетелдік ұйым үшін – толық атауы және мекенжайы (орналасқан жері);

шетелдік жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) және мекенжайы (тұрғылықты жері).

Өтініш берушінің мекенжайы туралы мәліметтер осы Тәртіптің 18-тармағына сәйкес көрсетіледі.

Өтініш берушінің салықтық нөмірі туралы мәліметтер осы Тәртіптің 19-тармағына сәйкес көрсетіледі.

12. "Тауардың атауы" деген 5-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда белгілі бір марканы, модельді, артикулды және түрлендіруді қамтитын, тауардың атауы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес бір-бірден 10 мәнді код бойынша тауардың маркасы, моделі, түрлендірілуі және тауардың сыныптамасы біркелкі болған жағдайда бағанда тауардың бірнеше артикулі көрсетілуі мүмкін.

13. "ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды" деген 6-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың 10 мәнді сыныптама коды көрсетіледі.

14. "Тауардың сыныптамасы" деген 7-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда тауарды бірімәнді сыныптау және оны алдын ала шешім нысанының 6-бағанында көрсетілген 10 мәнді кодына жатқызу үшін қажетті барлық мәліметтер көрсетіле отырып тауардың егжей-тегжейлі сипаттамасы келтіріледі.

Бір немесе бірнеше көлік құралымен белгілі бір уақыт кезеңінде кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы жинақы емес немесе бөлшектенген түрде, соның ішінде жинақталмаған немесе аяқталмаған түрде өткізілетін тауарға қатысты алдын ала шешім қабылданған кезде бағанда, егер алдын ала шешім қабылдау туралы өтініште тауар компоненттерінің тізбесін алдын ала шешімде көрсету қажеттілігі көрсетілген болса, жинақталған немесе аяқталған түрде оның құрамдас бөліктері болып табылатын осы тауардың компоненттері көрсетіледі.

Бұл ретте, егер көрсетілген компоненттер тізбесіне өзгерістер енгізілсе, тиісті өзгерістер осы Тәртіптің III бөлімінің ережелеріне сәйкес алдын ала шешімге енгізіледі.

15. "Алдын ала шешімді қабылдау негіздемесі" деген 8-баған былайша толтырылады.

Бағанда СЭҚ ТН түсіндірудің негізгі қағидалары, алдын ала шешім қабылдауға негіз болған ЕАЭО СЭҚ ТН бөлімдеріне, топтарына, қосалқы позицияларына ескертпелер көрсетіледі.

16. "Қызметтік белгі үшін" деген 9-баған былайша толтырылады.

Алдын ала шешім қабылданған тауарды кедендік декларациялау кезінде кеден органы назарға алуға тиісті кедендік мақсаттар үшін (қажет болған кезде) қосымша ақпарат (мысалы, мүше мемлекеттердің атқарушы билігі уәкілетті органдарының тауардың алдын ала шешім нысанының 6-бағанында көрсетілген 10 мәнді кодқа жатқызылуын растайтын құжаттар туралы мәліметтер) 9.1 нөмірімен көрсетіледі.

9.2 нөмірімен Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 23-бабының 6-тармағына сәйкес алдын ала шешімнің телнұсқасы берілген жағдайда, "Телнұсқа" жазбасы жасалады.

17. "Кеден органы лауазымды адамының қолы, кеден органының мөрі" деген 10-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда кеден органы уәкілетті адамының лауазымы, тегі және аты-жөні көрсетіледі

Алдын ала шешім нысанында көрсетілген мәліметтер бағанда кеден органы лауазымды адамының қолын және егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, осындай алдын ала шешімді қабылдаған кеден органы мөрінің бедерін қою арқылы расталады.

18. Өтініш берушінің мекенжайы туралы мәліметтер алдын ала шешім нысанының тиісті бағанында бөлек жолда үтір арқылы көрсетіледі және мыналарды қамтиды:

- 1) әлем елдері сыныптауышына сәйкес елдердің қысқаша атауы;
- 2) әкімшілік-аумақтық бірлік (өңір, облыс, аудан және т.б.);
- 3) елді мекен;
- 4) көше (бульвар, даңғыл және т.б.);
- 5) үйдің нөмірі;
- 6) корпус (құрылыс) нөмірі;
- 7) пәтер (бөлме, офис) нөмірі.

19. Өтініш берушінің салықтық нөмірі деп мыналар түсініледі:

Армения Республикасында – салық төлеушінің есептік нөмірі (УНН);

Беларусь Республикасында – төлеушінің есептік нөмірі (УНП);

Қазақстан Республикасында – ұйым (филиал мен өкілдік) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) не жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);

Қырғыз Республикасында – жеке тұлға немесе дара кәсіпкер үшін – салық төлеушінің салықтық сәйкестендіру нөмірі (ИНН) не Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үшін – дербес сәйкестендіру нөмірі (ПИН);

Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ИНН) және заңды тұлға үшін – есепке қою себептерінің коды (КПП), ол "/" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі үшін оқшауланған бөлімнің тұрған жерінде берілген КПП қойылады).

III. Алдын ал шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу

20. Алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) кеден органдары жүргізген кедендік бақылау нәтижелері бойынша, соның ішінде өтініш беруші кеден органына электрондық құжат немесе қағаз жеткізгіштегі құжат түрінде берген уәжді өтініш (бұдан әрі – өтініш) негізінде енгізіледі.

21. Өтініш өзгерістер (толықтырулар) енгізу көзделетін алдын ала шешімді қабылдаған кеден органына беріледі.

Өтініш еркін нысанда жасалады. Өтініште өзгерістер (толықтырулар) енгізу көзделетін алдын ала шешімнің тіркеу нөмірі, оған енгізілетін өзгерістердің (толықтырулардың) тізбесі және осындай өзгерістер (толықтырулар) енгізу қажеттігінің негіздемесі және өтініш берушінің электрондық поштасының мекенжайы (болған кезде) көрсетіледі.

22. Өтініш беру алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу қажеттігін растайтын электрондық құжаттар немесе қағаз жеткізгіштердегі құжаттар түріндегі құжаттарды берумен бірге жүргізіледі. Құжаттардың көшірмелерін беруге жол беріледі (соның ішінде электрондық құжаттардың қағаз көшірмелері). Құжаттардың ұсынылған көшірмелерін өтініш беруші растауға тиіс.

Егер алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды туралы мәліметтерге әсер етпейтін, қателерді, орфографиялық немесе грамматикалық қателерді анықтауға байланысты енгізілген жағдайда, алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу қажеттігін растайтын құжаттарды бермеуге болады.

Кеден органы кеден органына өтініш берілген мүше мемлекеттің мемлекеттік тілі болып табылмайтын тілде жасалған, берілген құжаттарда қамтылатын мәліметтердің аудармасын талап етуге құқылы.

23. Өтініш берілген кезде кеден органы оны өтініш берілген күннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірмей, соның ішінде кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып не мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген өзге мерзімде тіркейді.

24. Осы Тәртіптің 22-тармағының бірінші абзацына сәйкес берілген өтініш пен құжаттарды қараған кеден органы Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 326-бабында белгіленген тәртіппен кедендік бақылау жүргізеді.

25. Егер өтініш беруші ұсынған мәліметтер өзгерістер (толықтырулар) енгізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, кеден органы өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қосымша ақпарат алу үшін өтініш берушіге тиісті сұрау салу жібереді. Мұндай сұрау салу электрондық немесе жазбаша нысанда жолданады.

Көрсетілген сұрау салу тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтімімен жазбаша нысанда жіберіледі немесе өтініш берушінің оны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен беріледі. Бұл ретте осы сұрау салу өтініш берушінің өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына (болған жағдайда) бір мезгілде электрондық түрде жіберіледі.

Қосымша ақпарат кеден органы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

26. Кеден органы өтініш берушіге алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізуден мынадай негіздердің бірі болған кезде:

а) осы Тәртіптің 34-тармағының ережелері сақталмаса;

б) кедендік бақылау жүргізу кезінде кеден органы осы Тәртіптің 22-тармағының бірінші абзацына сәйкес берілген өтініште немесе құжаттарда көрсетілген мәліметтерден ерекшеленетін мәліметтерді анықтаса;

в) осы Тәртіптің 25-тармағына сәйкес кеден органы сұрау салған қосымша ақпарат белгіленген мерзімде берілмесе не берілген қосымша ақпаратта өзгерістер (толықтырулар) енгізу қажеттігін растайтын мәліметтер қамтылмаса, бас тартады.

27. Алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізуден бас тарту үшін осы Тәртіптің 26-тармағында көзделген негіздердің бірі болған кезде кеден органы осы Тәртіптің 28-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып, алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізуден бас тарту туралы хабарлама жібереді. Мұндай хабарлама электрондық немесе жазбаша нысанда жіберіледі.

Алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізуден бас тарту туралы хабарлама тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтімімен жазбаша нысанда жіберіледі немесе өтініш берушінің оны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен беріледі. Бұл ретте осы хабарлама өтініш берушінің өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына (болған кезде) бір мезгілде электрондық түрде жіберіледі.

28. Алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізуден бас тарту үшін осы Тәртіптің 26-тармағында көзделген негіздер болмаған кезде кеден органы өтінішті тіркеген күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей кеден органы алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы шешім қабылдайды.

Осы Тәртіптің 25-тармағына сәйкес қосымша ақпарат беру қажет болған жағдайда осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзімнің өтуі кеден органы сұрау салуды тіркеген күннен бастап тоқтатыла тұрады және кеден органы қосымша ақпаратты алған күннен бастап, ал егер қосымша ақпарат осы Тәртіптің 25-тармағының үшінші абзацында көрсетілген мерзімде берілмесе – осындай мерзім өткен күннен бастап қайта басталады.

29. Егер алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) кеден органы жүргізген кедендік бақылау нәтижелері бойынша өтініш негізінде емес, жеке бастамашылық бойынша енгізілген жағдайда, кеден органы кедендік бақылау нәтижелері бойынша жасалған кедендік құжат тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы шешім қабылдайды.

30. Алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы шешім жаңа алдын ала шешімді қабылдау арқылы қабылданады.

Бұл ретте енгізілетін өзгерістер (толықтырулар) ескеріле отырып, алдын ала шешімде көрсетілген барлық мәліметтер жаңа алдын ала шешімнің тиісті бағандарына көшіріледі.

31. Егер бұл мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделсе, жаңа алдын ала шешім қағаз жеткізгіштегі құжат түрінде немесе электрондық құжат түрінде қабылданады.

32. Өзгерістер (толықтырулар) енгізу кезінде жаңа алдын ала шешімнің бағандары осы Тәртіптің 33-тармағында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады.

33. Жаңа алдын ала шешімде мыналар көрсетіледі:

1-бағанда – жаңа алдын ала шешімнің тіркеу нөмірі, ол мынадай схема бойынша қалыптастырылады:

XX/XXXXXXXXXX/XXXXXXXX/XXXX / XX,

1 2

мұнда:

1-элемент – өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін алдын ала шешімнің тіркеу нөмірінің алғашқы 4 элементі;

2-элемент – "02" нөмірінен басталатын, енгізілетін өзгерістердің (толықтырулардың) реттік нөмірі;

9.3-нөмірлі 9-бағанда – алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу негіздері туралы мәліметтер (мысалы, өтініштің нөмірі (болған кезде) және күні, кедендік бақылау нәтижелері бойынша жасалған кедендік құжаттың нөмірі мен күні және т.б.).

34. Осы алдын ала шешімді қабылдау кезінде жіберілген және ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды туралы мәліметтерге әсер етпейтін қателер анықталған жағдайда 6-бағанды қоспағанда, өзгерістер (толықтырулар) алдын ала шешімнің 2 – 9-бағандарына енгізіледі.

Бұл ретте түзетілуі кеден органының алдын ала шешім қабылдауына әсер ететін мәліметтерді өзгертпейтін қателер, орфографиялық немесе грамматикалық қателер анықталған жағдайда, алдын ала шешімнің 2, 3, 5, 7 – 9-бағандарындағы мәліметтер өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

Алдын ала шешімнің 4-бағанына енгізілетін өзгерістер (толықтырулар) өтініш берушіні ауыстыруға әкеп соқпауға тиіс.

35. Жаңа алдын ала шешімнің 10-бағанында көрсетілетін мәліметтердің өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін алдын ала шешімнің 10-бағанында көрсетілген мәліметтерден ерекшеленуіне жол беріледі.

36. Жаңа алдын ала шешім өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін алдын ала шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

37. Кеден органы өтініш берушіге алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы хабарламаны осындай өзгерістердің (толықтырулардың) себептерін көрсете отырып және жаңа алдын ала шешімді қоса бере отырып, жаңа алдын ала шешім қабылданған күннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді. Мұндай хабарлама электрондық немесе жазбаша нысанда жіберіледі.

Алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы хабарлама тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтімімен жазбаша нысанда жіберіледі немесе өтініш берушінің оны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен беріледі. Бұл ретте мұндай хабарлама өтініш берушінің өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына (болған кезде) бір мезгілде электрондық түрде жіберіледі.